

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 ақпандағы N 257 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 7 тамыздағы N 1230

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"АКПО" акционерлік қоғамын қаржы-экономикалық сауықтыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 ақпандағы N 257 P970257_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне" деген сөздер "кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" акционерлік қоғамына" (бұдан әрі - Агенттік) деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы:

бірінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші абзацтағы "оңалтып" деген сөз "сыртқы" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші және төртінші абзацтардағы "оңалтып басқару" деген сөздер "сыртқы басқару" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Мемлекеттік салық комитеті", "Өнеркәсіп және сауда министрлігі" деген сөздер тиісінше "Қаржы министрлігінің салық комитеті", "Экономика және сауда министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "оңалту рәсімдерінің" деген сөздер "оңалту" деген сөзбен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК